

“М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті” КеАҚ



БЕКІТЕМІН

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің
Басқарма мүшесі – Инфрақұрылымды
дамыту бөліміндегі проректор м.а.
Б.Есмаханов



10 2025ж.

**БЕЙНЕБАҚЫЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ
МЕН ТӘРТІБІ ЕРЕЖЕСІ**

Тіркеу № 49

ТАРАЗ 2025

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІ	Қауіпсіздік қызметінің басшысы Асан Е.Д. Қауіпсіздік қызметі басшысының орынбасары Баймаханов М.Р. Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығының басшысы Жауқашқанов А.Қ.	 /қолы/  /қолы/	07.10.25м 07.10.25ж. 07.10.25ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Қауіпсіздік қызметі мен Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығымен		
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН	Алғаш рет		
3. ТАРАТУ	ҚБ басшыларына, Қауіпсіздік қызметінің басшыларына, Қауіпсіздік қызметінің күзетшілеріне, Әкімшілік шаруашылық бөлімінің жұмысшыларына, Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығының басшысы мен қызметкерлеріне таратылады		
4. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х.Дуллати атындағы Тараз университетінің Баскарма мүшесі – Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор м.а. Б.Есмахановтың шешімімен бекітілді. Қауіпсіздік қызметі мен Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығымен қолданысқа енгізіледі.		
5. КЕЛІСІЛДІ	Баскарма мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.Ә.	 /қолы/	13.10.25ж.
	Баскарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есімова Ш. А.	 /қолы/	13.10.25ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	 /қолы/	13.10.25ж.
	Стратегиялық даму басқармасының жетекшісі Дарибаев Ж.Е.	 /қолы/	13.10.25ж.

Бұл құжат М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1.Қолданылу саласы.....	4
2.Нормативтік сілтемелер.....	4
2.1 Нормативтік құжаттар	4
3. Жауапты және өкілетті	4
4. Негізгі ереже	5
4.1 Жалпы ереже	5
5. Бейнебақылау жүйесінің сипаттамасы.....	6
6. Бейнебақылауды ұйымдастыру тәртібі.....	7
7. Бейнематериалдарға қол жеткізу және үшінші тұлғаларға беру тәртібі.....	7
8. Өзгертулер	8
9. Тәуекелдерді басқару.....	8
10. Қосымша А. Таныстыру парағы.....	10
11.Қосымша Б. Өзгерістерді тіркеу парағы.....	11

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже университеттің барлық ғимараттарында орналасқан бейнебақылау жүйесі жағдайында бақылау жүргізуді ұйымдастыру тәртібін реттейді.

1.2. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы міндеттерін ескере отырып, осы Ережемен белгіленген.

1.3. Осы Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және бейнебақылау жүйесіне қатысты бөлімшелеріне қолданылады.

1.4. Ережені пайдалануы үшін міндетті болып табылады: Қауіпсіздік қызметінің бастығы; Қауіпсіздік қызметінің бастығының орынбасары; Қауіпсіздік қызметінің күзетшілері; Әкімшілік шаруашылық бөлімінің жұмысшылары; Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығының басшысы.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Нормативтік құжаттар

Бұл ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

Бұйрық	Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы
Бұйрық	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең төменгі техникалық шарттарына сәйкес, бейнебақылау жүйесімен
Даму бағдарламасы	Директорлар кеңесімен бекітілген М.Х.Дулари атындағы Тараз университетін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы (№1 хаттама, 2024 жылғы 19 наурыз)

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

3.1. Бұл ереже М.Х.Дулари атындағы Тараз университетінің Басқарма мүшесі – Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор м.а. Б.Есмахановтың шешімімен бекітіледі.

3.2. Регламенттің орындалуына жауапкершілік Қауіпсіздік қызметі мен Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығы басшыларына жүктеледі.

3.3. Осы ереженің «Құжаттаманы басқару» УСТ 01-2024 университет стандартының талаптарына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты.

3.4 Қауіпсіздік қызметі басшысы жауапты:

- Университеттің арнайы топтарының жұмыс істеуі бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін;
- осы ережені тіркеу, жаңарту үшін.

3.5 Осы құжаттың талаптарға сәйкестігі үшін жауапкершілігі құжатты әзірлеушіге жүктеледі.

4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Жалпы ережелер.

4.1.1. Бейнебақылау жүйесі объектідегі жағдайға бақылау жүргізу, сондай-ақ санкцияланбаған кіру фактісін көзбен шолып растау мақсатында, жағдайды бағалау және құқық бұзушылардың іс-әрекеттерін тіркеуді жүзеге асыруға ықпал етеді.

4.1.2. Ғимараттың бір бөлігінде орналасқан объектіде бейнебақылау жүйесі объектінің адамдардың жаппай жиналуы мүмкін орындарын, негізгі және қосалқы кіреберістерді (бар болса) қамтумен көмектеседі.

4.1.3 Осы Ереже университет аумағында және ғимараттарында бейнебақылауды жүзеге асыру тәртібін, оны жүзеге асырудың мақсаттары мен тәсілдерін, бейнематериалдарға қол жеткізу, оларды сақтау және жою тәртібін, бейнематериалдарды беру және пайдалану тәртібін белгілейді.

4.1.4 Университеттегі бейнебақылау жүйесі талапкерлерге, білім алушыларға, қызметкерлерге және университет келушілеріне қатысты ықтимал террористік, экстремистік акциялар мен басқа да құқыққа қарсы көріністердің алдын алуға, төтенше жағдайлардың туындауының алдын алуға және олар туындаған жағдайда тергеудің объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында күзетілетін аймақты тұрақты бақылауға кепілдік беретін университеттің жалпы қауіпсіздік жүйесінің элементі болып табылады.

4.1.5 Университеттегі бейнебақылау жүйесі ашық, құрылған және келесі міндеттерді шешу үшін ашық бақылау камераларын қолдана отырып жұмыс істейді:

- білім беру процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау, қауіпті жағдайлар туындаған кезде уақытылы әрекет ету, төтенше жағдай туындаған кезде білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету және қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- білім беру процесіне қатысушыларды, олардың физикалық және мүліктік қауіпсіздігін қолайсыз әсерлерден қорғау;

- жәбірленушілерге мүліктік және физикалық зиян келтіруі мүмкін заңсыз әрекеттерді құжаттау;

- заңсыз әрекетті жасау фактісін дәлелдеу үшін, сондай-ақ заңсыз әрекеттерді жасаған адамның жеке басын анықтау үшін бейнежазба материалдарын кылмыстық немесе азаматтық сот ісін жүргізуде дәлел ретінде пайдалану;

- бақылау-өткізу режимін және ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

- университет аумағындағы және ішкі бөлмелердегі бөгде адамдар мен көлік құралдарының рұқсатсыз кіруінен қорғауды қамтамасыз ететін жағдайды бақылау;

- штаттан тыс және төтенше жағдайлар туындаған кезде Қауіпсіздік қызметкерлерінің іс- қимылдарының тиімділігін арттыру және оларды болдырмау мен жою;

- университет мүлкіне, қызметкерлер мен контрагенттердің жеке мүлкіне зиян келтіру тәуекелдерін барынша азайту.

4.2. Бейнебақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттері.

4.2.1. Жеке ғимаратта (ғимараттар кешенінде) орналасқан объектіде бейнебақылау жүйесі мыналармен қамтылып қауіпсіздік шараларын алдын алу:

- 1) объектіге іргелес аумақтың периметрі;

- 2) бақылау-өткізу пункттері (бар болса);

- 3) бас және қосалқы кіру есіктері. Білім беру объектілерінде білім алушыларды сабаққа жіберуге арналған барлық кіру есіктері жабдықталады;

4) объектіде адамдар көп болуы мүмкін орындар. Білім беру объектілерінде мұндай орындар дәліздер, спорт және акт залдары, асханалар, фойе, киім ілетін орындар, сондай-ақ білім беру объектілерінің учаскелерінде жайластырылған ойындарға, спорт пен демалуға арналған алаңдар болып табылады;

5) ықтимал қауіпті учаскелері бар аумақ пен үй-жайлар, оларға апаратын үй-жайлар (орындар), дәліздер;

6) тексеріп қарау үй-жайлары (бөлмелері), көлікті тексеріп қарау учаскелері (бар болса);

7) объект басшысының (меншік иесінің) қалауы бойынша басқа да үй-жайлар мен аумақтар жатады.

5. БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1 Жүйе ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдар тізбесіне кірмейтін бағдарламалық-ақпараттық кешенді білдіреді, оған мыналар кіреді:

- бейнебақылау камералары;
- бейне мониторлар;
- үздіксіз қуат көздері;
- бейнетіркегіштер мен бейнесерверлер;
- желілік (кабельдік) Инфрақұрлым;
- бейнеақпаратты сақтау құралдары;
- суреттерді қарауға арналған бағдарламалық жасақтама.

5.2 Бақылау камераларын орнату аймақтары:

• университет ғимаратаның периметрі бойынша бөгде адамдардың рұқсатсыз кіруі мүмкін орындарда (орталық кіру, қосалқы шығу жолдарында);

- дәліздерде;
- баспалдақ аралықтарында;
- кіу топтарында және жатақхана қабаттарында;
- спортпен айналысуға және бос уақыт іс-шараларыш өткізуге арналған үй-жайларда;
- фойеде;
- оқу аудиториялары мен компьютерлік сыныптарда;
- материалдық құндылықтар тұрақты сақталатын үй-жайларда;
- кассалық тораптар мен бөлшек сауда нүктелерінің бақылау аймақтарында;
- асханалар мен буфеттерде;
- оқу-өндірістік цехтарда;
- акт залдарында.

5.3 Бейнебақылау режимі:

• жүйе тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн, соның ішінде демалыс және мереке күндері жұмыс істейді;

5.4 Бейнебақылау процесін керсету қауіпті жағдай белгілері пайда болған кезде уақытылы әрекет ету мақсатында арнайы бөлінген үй-жайларда, стационарлық күзет бекеттерінде орнатылған мониторларда жүргізіледі.

5.5 Бейнебақылау процесінде мамандандырылған бейнесерверлер мен бейнетіркегіштердің материалдық тасығыштарына (сатғы дискілеріне) бейнеақпарат жазылады.

5.6 Инженерлік, техникалық бағыттары бойынша:

• қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметкерінің бекетінде орнатылған көрнекі ақпаратты телекамералардан техникалық құралға немесе алынған ақпаратты жинаудың, өңдеудің, көрсетудің және тіркеудің техникалық құралдарының жиынтығына беруді;

- автоматтандырылған режимдегі жұмысты;

- қазіргі уақыт режимінде объектідегі жағдайды бағалау мүмкіндігін;
- 30 тәуліктен кем емес мерзімде ақпаратты сақтауды қамтамасыз етеді.

6. БЕЙНЕБАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1. Университетте бейнебақылау нақты уақыт режимінде бейнесуретті берумен және оқиғаларды бірыңғай дәл уақыт жүйесімен синхрондаумен тұрақты жүзеге асырылады.

6.2. Бейнебақылау жүйесін әкімшілендіруді уәкілетті лауазымды адам жүзеге асырады.

6.3. Бейнебақылау жүйесін техникалық сүйемелдеуді және бейнематериалдардың ақпараттық қауіпсіздігін Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығы қамтамасыз етеді.

6.4. Бейнебақылау камераларының жұмыс аймағына түсуі ықтимал қызметкерлер, жұмысқа қабылданатын адамдар, білім алушылар және университетке түсушілер бұл туралы мынадай нысандарда хабардар етіледі:

- бейнебақылау жүргізілетін аумаққа кірер алдында оқу аудиторияларында, компьютерлік сыныптарда, Спорт және акт залдарында арнайы хабарландыруларды және/немесе жалпы қабылданған ескерту белгілерін орналастыру;

- білім беру процесінің қатысушыларын жалпы жиналыстарда ақпараттандыру;

- білім беру процесіне қатысушыларды осы ережемен таныстыру.

6.5. бақылау камералары тіркеген Дербес деректер субъектілерінің бейнелерін пайдалану ҚР Заңына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

7. БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАРҒА БЕРУ ТІРТІБІ

7.1. Бейнебақылау жүйесімен жазылатын ақпарат құпия болып табылады. Мамандандырылған бейне серверлердің қатты дискілерінен қайта жазуға, редакциялауға және үшінші тұлғаларға беруге жатпайды.

7.2. Барлық жазылатын бейнеақпарат ҚР қолданыстағы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қана пайдаланылуы мүмкін.

7.3. Мамандандырылған бейне серверлердің қатты дискілерінде сақталатын бейнеақпаратқа қол жеткізу тек бейнебақылау жүйесінің жергілікті желісі бойынша Интернет желісі бойынша берілместен жүзеге асырылуы мүмкін.

7.4. Арнайы бейнесерверлер мен бейнетіркегіштердің қатты дискілерінде сақталатын бейнематериалдарды қарауға университет басшылығы мен бейнебақылау жүйесінің әкімшісі жіберіледі.

7.5. Қажетті бейнематериалдарды қарауды университет басшылығының нұсқауы бойынша тиісті рұқсат ету құқығы бар өзге қызметкерлер жүзеге асыра алады. Қарауға университеттің лауазымды адамдары (оларға қатысты бөлігінде), сондай-ақ білім алушылар мен университет қызметкерлері, бейнебақылау жүйесінде тіркелген оқиғаларға қатысы бар Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері тартылуы мүмкін. Қоғамдық мүдделерді қорғау үшін (яғни құқық бұзушылық жасау фактісі анықталғанда) қарауға жазбада бейнеленген адамдар не олардың ата-аналары (заңды өкілдері) мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатыса алады.

7.6. Бейнематериалдарды үшінші тарапқа беруге тек ерекше жағдайларда (тергеу немесе сот органдарының дәлелді сұрауы бойынша, сондай-ақ жазбада бейнеленген азаматтардың сұрау салуы бойынша) жол беріледі. Материалдарды беру туралы мәселені университет басшылығы шешеді. Бейнематериалдарды беруді бейнебақылау жүйесінің әкімшісі жүзеге асырады.

8. ӨЗГЕРТУЛЕР

8.1. Ережені құрастыру, рәсімдеу, келісу және бекіту және оған өзгерістер енгізу УСТ 01-2024 сәйкес жүргізілуі тиіс.

9. ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

Кесте 1 - Жағымсыз оқиғаны талдау. «Ықтималдық» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Екіталай (іс жүзінде мүмкін емес)
2	Едәуір ықтимал
3	Ықтимал
4	Өте ықтимал

Кесте 2 - Жағымсыз оқиғаны талдау. «Байыптылық» бағасы

Балл	Сипаттама
1	Өте төмен (жағымсыз оқиғаның салдары сыртқы тараптарға көрінбейді)
2	Орташа (тұтынушылардың қанағаттанбауының болмашы жағдайлары: салдарын жоюға шамалы шығындар; университет беделіне залалдың болмауы)
3	Жоғары (айып пұлдар, салдарды жою үшін айтарлықтай шығындар. Мүдделі тараптардың наразылығы)
4	Апатты (қызметті тоқтата тұру, беделін жоғалту)

Кесте 3 -Тәуекелдің қолайлылығы бойынша шкала

Байсалдылық Ықтималдық	1	2	3	4
1	1	2	3	4
2	2	4	6	8
3	3	6	9	12
4	4	8	12	16

Кесте 4 – Тәуекелдерді басқару

№	Процесс	Тәуекел/ Жағымсыз уақиға	Тәуекелдің қызметке әсерін сипаттау/үлгеріс	Тәуекелді бағалау			Тәуекелді төмендету бойынша іс- шаралар (тәуекелді өлшеу)	Жауапты	Орындау мерзімдері
				Жағымсыз оқиғаның болу ықтималдығы / жиілігі (В)	Маңыздылығы / жағымсыз уақиғаның әлеуетті немесе нақты салдары (С)	Баға (В*С)			
1	Бейнебақылау істен шыққан жағдайда	Қылмыст ық іс әрекеттер орын алған жағдайда назардан тыс қалуы					Электр жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі	Қауіпсіз дік қызметі	Тұрақты

(міндетті)
ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

[illegible]

стр. 11 из 11